

«БЕКІТЕМІН»

**«Қазалы ауданы бойынша білім
бөлімінің №94 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директоры**

 **А. Садиров**

«29» тамыз 2025 жыл

**«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №94 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024) 2-қосымшасына сәйкес
(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар,
өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)*

Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:

А. Тулебаева

I. 2024 - 2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау есебі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығы мен Қызылорда облысының білім басқармасының 2024 жылғы 15 тамыздағы №73-нқ11 бұйрығын басшылыққа ала отырып №94 орта мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу мақсатында мектеп директорының 2024 жылғы 29 тамыздағы №94 бұйрығы шықты. Осы бұйрық негізінде төмендегі құндылықтар аясында кешенді тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды:

- Тәуелсіздік және отаншылдық
- Бірлік және ынтымақ
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және тәртіп
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және жаңашылдық

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» 1 қыркүйек – Білім күні аясында өткізілген бұл іс-шара тек мерекелік сипатта ғана емес, сонымен қатар білімге деген құрмет пен еңбекқорлыққа бағытталған ортақ көзқарасты қалыптастыруға арналды. Салтанатты жиынға аудан басшылығы мен білім саласының өкілдерінің қатысуы мектептің қоғаммен байланысын нығайта түсті. Сонымен қатар барлық сыныптарда "Мектебім – мейірім мекені" атты бірыңғай сынып сағаттарының өткізілуі білім ордасына, ұстаз еңбегіне деген жауапкершілікті ұғындыруға бағытталды. Оқу жылының алғашқы күндерінен бастап құқықтық мәдениетті арттыру, балалар қауіпсіздігі мен құқықтық сананы дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

- ІІМ тапсырысымен дайындалған "Полиция және балалар" тақырыбындағы бояу жұмыстары 1-сынып оқушыларына құқықтық түсініктерді ерте жастан қалыптастыруға негізделді.
- "Абайлаңыз, балалар!" акциясы аясында жол жүру ережесі бойынша тәрбие сағаттары мен түсіндірме жұмыстар өткізілді.
- Ата-аналар жиналыстарында құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг, түнгі мезгілдегі бақылау, пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым секілді маңызды мәселелер көтерілді.

Бұл шаралар еңбекқорлық пен тәртіпті өмір салтына баулудың құқықтық аспектісін қамти отырып, оқушының тұлғалық дамуына әсер етті. Қыркүйек айында ұйымдастырылған тілдер апталығы мен А.Байтұрсынұлына арналған іс-шаралар оқушылардың ұлттық рухы мен рухани еңбекке деген ынтымақ арттырды. "Менің отбасым – менің байлығым!" атты фотоколлаж, сурет көрмесі және челленджер арқылы еңбекқорлық, қайырымдылық, бауырмалдық сияқты адами құндылықтар насихатталды.

- Дебат, сурет көрмесі, зияткерлік сайыстар, буктрейлер байқауы, деректі фильмдер көрсетілімі сияқты сан түрлі форматтағы іс-шаралар оқушыларды ғылым мен білімге, табандылыққа, еңбекке деген сүйіспеншілікке баулады.
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 10-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Жас мерген» атты пневматикалық винтовкадан ату жарысы оқушылардың дене дайындығы мен психологиялық төзімділігін арттырды. Бұл – еңбекқорлық пен табандылықты қалыптастырудың тағы бір бағыты.
- Есірткіге қарсы флешмоб, “Буллингтен қорған!” атты тәрбие сағаттары, психологиялық тренингтер жасөспірімдер арасында өз денсаулығына, ортасына жауапкершілікпен қарауды үйретті.

“Жүректен жүрекке – жан жылуы” атты апталық пен “Қауіпсіз және пайдалы интернет” тақырыбындағы сабақтар мейірімділік пен парасаттылықты дәріптеп, оқушыларды ішкі мәдениетке, жан дүниесінің тепе-теңдігін сақтай білуге, өзін-өзі дамытуға жетеледі. Ата-аналармен жұмыс та осы бағытты толықтырды: балалардың орта буынға өтуіндегі күйзелістік жағдайлардың алдын алу, ата-аналарға психологиялық колдау көрсету – кәсіби біліктіліктің айқын көрінісі болды.

Тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтары бойынша 1 қазан – Қарттар күні: Ардагерге құрмет көрсетіліп, “Күзгі асар” акциясы ұйымдастырылды. 5 қазан – Ұстаздар күні: «Даналық ұстаздан» челленджі, мерекелік кеш, сыйлықтар мен құрмет көрсету іс-шаралары өтті. 25 қазан – Республика күні: Эссе байқауы, әскери жарыстар, тәрбие сағаттары мен спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Құқықтық және тәртіптік бағыт «Жол ережесін білейік!» тәрбие сағаттары. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» және «Құқық бұзушылық және заңдылық» тақырыбында тәрбие сағаттары. «Ерікті жасақшылар» тобы құқықбұзушылықтың алдын алуда белсенді жұмыс істеді.

Наурыз мерекесінде Көрісу күні, ұлттық киім, ұлттық спорт, салт-дәстүрлер, домбыра party, қайырымдылық шаралары өтті. «Қош келдің, Әз – Наурыз» атты концерт ұйымдастырылды.

Оқушыларға күзгі және көктемгі демалыс кезінде бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Тренингтер, спорттық жарыстар (баскетбол, волейбол), күзгі және көктемгі байқаулар: , «Алтын күз», «Кино күні», «Ертегілер әлемі», Дебат, кітап оқу, ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Алғыс айту күні және Қазақстан халқы Ассамблеясы мерекесіне орай тәрбие сағаттары, челленджер, бейнероликтер, флешмоб, қайырымдылық акциялары. Ата-аналармен кездесу, ұстаздарға алғыс білдіру.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша түсіндірме сабақтар, “Дін комикстері” арқылы түсіндіру жұмысы. «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Ана тілі аруы» байқауы арқылы қыз баланың тәрбиесіне мән беру.

Әділдік және жауапкершілік айы бойынша қараша айында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұраны астында тәрбие сағаттары өткізіліп, адалдық пен жауапкершілік қасиеттері оқушыларға дарытылды. Еңбек арқылы адам өмірінде табысқа жету және оның дұрыс жолымен

жүру қажеттілігі насихатталды. Ұлттық валюта — теңге күні: Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызы және ұлттық валютаның ерекшеліктері түсіндірілді. Осыған орай сыныптарда тәрбие сағаттары, интеллектуалды сайыстар ұйымдастырылды. Бұл оқушылардың елінің экономикасы мен ұлттық ерекшеліктерін терең түсінуін қамтамасыз етуге бағытталған. Балаларды қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу шарасы бойынша Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай түрлі іс-шаралар жүргізілді: құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар, психолог пен әлеуметтік педагогтардың көмегімен анонимдік сауалнамалар мен эссе байқаулары өткізілді. Сонымен қатар, тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Ерікті жасақшылар» тобы құрылды.

Мектепшілік спорттық және интеллектуалды сайыстар бойынша 10 сынып оқушылары арасында «Көшбасшы-2024» интеллектуалды сайыс, спорттық жарыстар, оқырмандар арасында мақал-мәтел сайыстары ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар оқушылардың жалпы мәдениеті мен белсенділігін арттыруға бағытталған.

Қараша айында оқушыларға өз іс-әрекеттерінің салдары мен жауапкершілігін түсіндіру мақсатында арнайы тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өз-өзіне талдау жасауына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасы тәрбиесі бойынша әженің бала тәрбиесіндегі орны туралы ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып, ұлттық дәстүрлер мен әжелердің өнегелі тәрбиелік рөлі насихатталды. Бұл мектеп тәрбиесінде отбасылық құндылықтардың маңыздылығын көрсетті.

«Лудомания — қоғам дерті» тақырыбында оқушыларға құмар ойындардың зияны мен зардаптары туралы ақпарат беріліп, олардың алдын алу шаралары жүргізілді.

Бірлік және ынтымақ айы бойынша Желтоқсан мен мамыр айларында мектепте ұйымдастырылған тәрбие, білім және спорттық іс-шаралар кешені оқушылардың патриоттық сезімін, құқықтық сауаттылығын, табиғатқа және қоғамға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Бұл шаралар «Бірлік және ынтымақ айы» аясында өткізіліп, оқушыларды рухани және мәдени тұрғыдан тәрбиелеуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ қауіпсіздік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қызмет етті.

Табиғатқа қамқорлық пен экологиялық тәрбиесі бойынша «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы, «Қамқор» жобасы арқылы оқушылардың табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық сана қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. 16 желтоқсанда Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар, соның ішінде тәрбие сағаттары, кітап көрмелері, спорттық жарыстар, дебат клубының пікірталастары оқушыларды елдің еркіндігі мен тәуелсіздігіне құрметпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған. Буллинг пен кибербуллингке қарсы іс-шаралар, жол ережесін үйрету, құқықтық түсіндірме жұмыстары, есірткіге қарсы кездесу, зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға арналды. Психологтың ұйымдастыруымен оқушыларға арналған психологиялық сабақтар мен тренингтер, қауіпсіздік және өз-өзіне сенімділікке үйрету шаралары өткізілді. Дене тәрбиесі және спорт саласы бойынша волейбол, футбол, гандбол, эстафеталық жарыстар ұйымдастырылып, оқушылардың денсаулығын нығайту мен спортқа қызығушылығын арттыру көзделді. Сонымен қатар театрландырылған қойылымдар, дебат клубының интеллектуалды сайыстары, жас ақындар мүшәйрасы, кітап оқу сайыстары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеті дамыды. Жазғы лагерь жұмыс жасады «Балдәурен» күндізгі лагері арқылы жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру, балалардың зияткерлік, шығармашылық және дене тәрбиесін үйлестіру жүзеге асырылды.

«Заң және тәртіп» айлығы аясында іс-шаралар өткізілді №94 орта мектебінде оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру және құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында бірқатар тәрбиелік, танымдық және спорттық шаралар өткізілді. Апта бойы сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің қатысуымен:

- «Дарын» дебат клубы ұйымдастырған пікірсайыс,,
- 4-5 сыныптарға арналған «Каникулда кітап оқимыз» сайысы,
- «Сіз гажайыпсыз» тренингі,
- «Көшбасшы» атты интеллектуалдық сайыс,
- Волейболдан жарыс,
- «Қалдықтан табысқа айналдырайық» көрмесі,
- «Өнегелі өмір – өнегелі ұрпақ» атты мүшәйра сынды түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Құқықтық тәрбие аясында:

- Нашақорлықтың зияны туралы бейнеролик көрсетіліп, құқық қорғау органдары өкілдері дәріс оқыды;
- «Буллингтен қорған!» тақырыбында 1-11 сыныптарға тәрбие сағаттары өткізілді;
- Ата-аналармен бірлескен психологиялық сабақтар жүргізілді;
- «Біз жемқорлыққа қарсымыз» сурет салу акциясы өтті.
- «Спорт - денсаулық кепілі» атты спорттық эстафета,
- «Бала дауысы» ән байқауы,
- «Ой жүйрігі» сайысы,
- «Абайлаңыз, балалар!» жол-көлік қауіпсіздігі акциясы,
- «Түнгі қаладағы балалар» атты кешкі рейд жұмыстары ұйымдастырылды.

Жасампаздық және жаңашылдық айы бойынша ақпан айында №94 орта мектебінде «Жасампаздық және жаңашылдық» айлығы аясында бірқатар танымдық, тәрбиелік, құқықтық және мәдени бағыттағы іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Меже – оқушылардың бойында құқықтық, рухани, психологиялық және әлеуметтік сауаттылықты арттыру, шығармашылық пен белсенділікке баулу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу және ұлттық мұраны құрметтеуге тәрбиелеу болды. Құқықтық және қауіпсіздік бағытындағы шаралар бойынша «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық рейдтері, 1-11 сыныптарда «Цифрлық әлемде қауіпсіз қоғам», «Буллингтен қорған», «Қауіпсіз қоғам» тақырыптарында тәрбие сағаттары, Жоғары сынып оқушыларына арналған «Дін және рухани тәрбие» дөңгелек үстелі; Қыз балалармен жүргізілген маңызды профилактикалық кездесу, Өрт қауіпсіздігіне арналған эвакуациялық жаттығу өткізілді. Рухани-

адамгершілік және отбасылық құндылықтары бойынша «Рухани құндылықтар – өмірімнің айнасы» эссе байқауы, «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тренинг-сабағы, Мәдени және шығармашылық жұмыстар бойынша «Мұқағали жыры – мәңгілік мұра» жыр сайысы, «Ертегілер еліне саяхат» танымдық сағаты, «Кітапханаға саяхат» челленджі, Е.Хасанғалиевтің 85 жылдығына арналған ақпараттық шаралар өткізілді.

II. Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

III. «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани- **Бағдарламаның мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік
- бағдарламаларды әзірлеу
- Сынып-кураторлық жүйе шеңберінде құндылықтарды қалыптастыру, яғни сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар
- Бағдарламаның құндылық бағдарларына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын кеңейту
- Тәрбие процесіне отбасы мен қоғамдық ұйымдарды тарту
- Бағдарламаны іске асыруды тұрақты ішкі бақылау және тиімділігін бағалау

Бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
 Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
 Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
 Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
 Қаңтар – заң және тәртіп айы;
 Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
 Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
 Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
 Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Күнделікті іс-шаралар:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою.

Апталық іс-шаралар:

«Менің Қазақстаным»: оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

«Аптаның дәйексөздері» – мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өткізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;
- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

IV. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде
қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға
дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;

белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;

тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз ерекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылым тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;

жаңа идеяларды ұсыну;

заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;

мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша

2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары				
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
№	Қызмет түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы: құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру тетіктері» оқыту семинары	Жоспарға сәйкес	Аудандық білім бөлімі ДТЖО А. Тулебаева	Тамыз
2	Тәрбие процесін жоспарлау, бекіту жұмыстары	Жоспарға сәйкес	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А. Тулебаева	29 тамыз 2025жыл
3	«Мектепке жол» республикалық акциясы	Жоспарға сәйкес	Әлеуметтік педагог: Б. Тәке	01 тамыз 2025 жыл
4	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30жылдығына орай «Қабылдаудан–прогреске: ҚР Конституциясының тарихы» атты кітап көрмелері	Кітап көрмесі	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А. Тулебаева Мектеп кітапханашысы: Ж. Байқазақ	29 тамыз 2025жыл

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша

2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Дәйексөздер : «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз- күнің жоқ»

«Жанұям-қорғаным, ата-анам- тірегім»

«Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)

«Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен»

Р с	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1.	1 қыркүйек – Білім күні орай «Мектеп-мейірім мекені» салтанатты жиын	Салтанатты іс-шара	ДТЖО А. Тулебаева Сыныпжетекшілер	01.09.2025 жыл
2.	«Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджі 2-4-сынып білім алушылары: «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері» 5-8-сынып білім алушылары: «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты» 9-11-сынып білім алушылары: «Арманым мен мақсатым» /1-11 сыныптар /	Челлендж	ДТЖО А. Тулебаева Сынып жетекшілер	02.09.2025 жыл
3.	«Менің - ОтанымҚазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сыныпжетекшілер	02.09.2025 жыл
4.	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» /5-11 сыныптар/	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептішілік іс-шара	Қазақ тілі мен әдебиеті, бірлестік жетекшілері	05.09.2025 жыл

5.	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау /5-11 сыныптар/	Хаттама	Ж. Ерішова	12. 09.2025ж
6.	«Абайлаңыз балалар!» атты тақырыпта іс-шара жоспарын бекіту «Жолда жүру ережелерін білесіңбе?» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	ДТЖО А. Тулебаева Сынып жетекшілері	08.09.2025 жыл
7.	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Балалар буллинг, кибербуллингің құрбаны болғанда не істеу керек?» тренинг	Ата-аналар жиналысы	ДТЖО, сынып жетекшілері, педагог-психолог	19.09.2025 жыл
8.	«Отбасы күні» мерекесіне орай «Бақытты отбасы - берекелі ел»	Отбасы күніне арналған апталық	ДТЖО А. Тулебаева Ұйымдастырушы педагог, педагог психолог, әлеуметтік педагог Сыныпжетекшілер	8-12 қыркүйек 2025 жыл
9.	Буллингтен қорған Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сыныпжетекшілер Учаскелік полиция	15.09.2025 жыл
10.	«Еңбегімен елге үлгі» Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына іс-шаралар 1-4сыныптар«Біздің үйдегіеңбек» 5-9сыныптар«Адал еңбек-адамдықтың белгісі» 10-11сыныптар«Мамандықпен еңбек таңдауы-болашаққа бастар жол» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.09.2025 жыл
11.	«Абай мұрасына саяхат» Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына - 180 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Атаулы күн иесіне арналған Сынып сағаты	Ұйымдастырушы педагог	Токсан сайын 29.09.2025жыл

12.	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жүлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының мектепішілік, аймақтық кезеңдері	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары	ДТЖЖО Тәлімгер, музыка жетекшісі ұйымдастырушы педагог	Қыркүйек айы
13.	Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысын сыныптар бойынша ұйымдастыру <u>1-4-сыныптар</u> Кәсіби бағдар берудің алғы шарттары <i>Ата-аналар жиналысы, ата-аналардың қатысуымен ашық сабақтар мен сынып сағаттары, жеке консультациялар</i> <u>5-7-сыныптар</u> Білім алушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру <u>8-9-сыныптар</u> Білім алушыларды мамандық таңдау негіздерімен таныстыру (кәсіпті дұрыс таңдау үшін қажетті білім) <u>10-11 сыныптар</u> <i>Бітірушінің кәсіп таңдау және мансап құру процесінде өз рөлі мен жауапкершілігін түсінуге бағыттау, тандалған кәсіби өріс және олардың болашақтағы орны туралы нақты түсінік</i>	Жылдық жоспар	А. Тулебаева тәрбие жұмыстар жөніндегі орынбасары Ұ.Дабыл бағдарлы жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері	Жыл бойы
14.	«Мен оқыған кітапты сенде оқы» библио-кроссакциясы(жазғыканикулкезінде оқыған кітаптарын жарнамалау)	Акция	Мектеп кітапханашысы Ж. Байқазак	Қыркүйек айы

	«Балалар кітапханасы» жобасы			
15.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар (буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б)	Профилактикалық іс-шара, әдістемелік сүйемелдеу, бейнероликтер жолдау	ДТЖОЖО А. Тулебаева Педагог психолог Г.Әлсейітова	Жыл бойы

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

Апта дәйексөздері: «Тәуелсіздік – ұлтымыздың мәңгілік ұраны»

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

«Отансыз адам-ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)

«Отанды сүй-отбасынан басталады»

1.	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкессынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Құқықтық білім беру	Сыныпсағаты	Сынып жетекшілері	06.10.2025 жыл
2.	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет, халықаралық акция «Қамқор» жобасы (қалалық жоспар негізінде)	Жалпы мектепшілік волонтерлық акциясы	Мектеп тәлімгері Ж. Ерішова	Қазан айы
3.	«Қуаныш сыйлайық» (қарттарға құрмет көрсету) «Қамқор» жобасы	Мектепшілік шара	тәлімгер Ж. Ерішова	Қазан айы
4.	5 қазан – Ұстаздар күніне орай іс-шара жоспарын жасау	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	ДТЖОЖО А. Тулебаева Г. Кәрібай музыка	Қазан айы

	«Даналық ұстаздан» челленджі «Шабьт» жобасы		жетекшісі	
5.	«Күзгі асар» жәрменкесі «Еңбегі адал – жасөрен» жобасы	Жәрменке	А. Тулебаева Сынып жетекшілер	10.10.2025 жыл
6.	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублеркүнін» ұйымдастыру «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы	Әлеуметтік желіге ақпарат	мектеп тәлімгері Ж. Ерішова Сынып жетекшілері	Қазан айы
7.	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	20.10.2025 жыл
8.	«Тәуелсіздікпен Республика – егемен елдің қос тірегі» мектепшілік іс-шара Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қыран елім-Қазақстан» Республика күніне орай туған өлкесінің ақын- жазушыларының кітаптарына шолу жасау «Балалар кітапханасы» жобасы (қалалық жоспар негізінде)	Республика күніне арналған сынып сағаттары жалпы мектепшілік іс-шара және кітаптарға шолу жасау,	Сынып жетекшілер Мектеп кітапханашысы: Ж. Байқазақ Тәлімгер, музыка жетекшісі	13.10.2025 жыл
9.	«Кітапханаға кітап сыйла» кітапханашылар күніне орай кітапханаға кітап сыйлау акциясы «Балалар кітапханасы» жобасы (қалалық жоспар негізінде)	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара	Мектеп кітапханашысы: Ж. Байқазақ	Қазан айы
10.	«Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындар сайысы	Ақындар айтысы	С. Алпамыс Г. Кәрібай	Қазан айы
11.	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының аудандық, қалалық кезеңдері	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр”	А. Тулебаева тәрбие жұмыстар жөніндегі орынбасары, тәлімгер, музыка жетекшісі,	Қазан айы

		хор байқауы, "Футбол", "Жайдарман", "Алғашқы әскери лига" сайыстары	педагог ұйымдастырушы	
12.	«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты Мектепшілік кезең	қосымша білім беру педагогы Б. Құрманәлі	Қазан айы
13.	Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына - 110 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік-шара, сынып сағаттары	Сынып жетекшілері	27.10.2025 жыл
14.	Күзгі демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары	Жоспар	ДТЖЖО А. Түлебаева	Қазан айы
15.	«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында І тоқсанның аяқталуына байланысты ата-аналар жиналысы /1-11 сыныптар/	Ата-аналар жиналысы	ДТЖЖО А. Түлебаева	Қазан айы
16.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар (буллинг, кибербуллинг, лудомания, торлық- зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б.)	Профилактикалық іс-шара, әдістемелік сүйемелдеу, бейнероликтер жолдау	тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Түлебаева, педагог психолог Г. Әлсейітова	Жыл бойы

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

Апта дәйексөздері: «Әділ болу- адамгершіліктің ең биік шыңы»

«Жауапкершілік адамды адам кетеді»

«Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)

«Жауапкершілік- табыстан кілті»

1.	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	03.11.2025 жыл
2.	“Әділдік пен жауапкершілік - тұлғаның басты қасиеті” 1-4 сыныптар «Мектеп театры» жобасы	Театр қойылымы	П. Альмаханова қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	21.11.2025 жыл
3.	“Әділ ұстаным-өнегелі өмір” 5-7 сыныптар	Өнеге сағаты	Сынып жетекшілер	19.11.2025 жыл
4.	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	10.11.2025 жыл
5.	«Абай-әділдік символы» Ақынның қара сөздерінен әділдік тақырыптары жайлы зерттеушілік жұмыс 8-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі және әдебиет бірлестік жетекшілері	14.11.2025 жыл
6.	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының облыстық кезеңі	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары	ДТЖЖО, қосымша білім беру педагогы ұйымдастырушы педагог Мектеп тәлімгері, АӘТД пәнінің мұғалімі	Қараша айы
7.	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	17.11.2025 жыл
8.	«Ұшқыр ой алаңы»	Қалалық/аудандық кезең	қосымша білім беру маманы Б. Құрманәлі	12.11.2025 жыл

9.	«Энергияны үнемдеу – экологияны қорғау» <i>Қайыңсіздік сабағы (10 минут)</i> <i>/1-11 сыныптар/</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	24.11.2025 жыл
10.	«Startup» байқауы	Байқау	Мектеп тәлімгері Ж. Ерішова	26.11.2025жыл
11.	Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржакып Дулатовтың туғанына - 140 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара		27.11.2025 жыл
12.	Интернетке, компьютерге және ойынға тәуелділікті анықтау бойынша тест сауалнама ұйымдастыру	Қорытындысы бойынша жұмыс жасау.	Мектеп психологі Г.Әлсейітова	20.11.2025 жыл
13.	Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара	ДТЖО А. Тулебаева	Қараша айы
14.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар (буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық- зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б)	Профилактикалық іс-шара, әдістемелік сүйемелдеу, бейнероликтер жолдау	ДТЖО , психолог	Жыл бойы
15.	«Әке – отбасы тірегі» кездесу «Даналық» мектебі	Кездесуі	ДТЖО А. Тулебаева	Қараша
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні Апта дәйексөздері: «Татулық пен бірлік- елдің іргетасы» «Бірлігі жоқ ел тозады»				

«Бірлік болмай, тірлік болмас» «Ынтымақ- бұзылмайтын қорған»				
1.	«Табиғатқа камқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	01.12.2025 жыл
2.	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Мектеп тәлімгері Ж. Ерішова	11.12.2025 жыл
3.	Балалар кітапханасы	Әдеби кеш / кітап жәрменкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Сынып жетекшілері Мектеп кітапханашысы	Желтоқсан айы
4.	“Тәуелсіздік - ең қымбат құндылық” Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Интеллектуалдық ойын Сынып сағаты	Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілері	08.12.2025 жыл
5.	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	қосымша білім беру маманы Б. Құрманәлі	Желтоқсан айы
6.	«Қоғамдық мүлікті қорға» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	15.12.2025 жыл
7.	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.12.2025 жыл
8.	«Жасыл шырша жанында» /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Желтоқсан айы
9.	Психолог кеңесі Буллингтің құрбаны болмаудың 10 себебі	Психолог кеңесі	Мектеп психологі , сынып жетекшілері,	Желтоқсан айы
10.	Қысқы демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары	Жоспар	ДТЖЖО	Желтоқсан айы
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
Апта дәйексөздер : «Талап бар жерде тәртіп бәре»				
«Тәртіп-тәрбие бастауы, тәртіпсіздік- өмірінің қас жауы»				

«Әділ заң-болашақ кепілі»

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»

1.	«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында ІІ тоқсанның аяқталуына байланысты ата-аналар жиналысы /1-11 сыныптар/	Ата-аналар жиналысы	ДТЖО А. Тулебаева	09.01.2026 жыл
2.	Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	12.01.2026 жыл
3.	«Буллингтен қорған! » Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	19.01.2026 жыл
4.	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	қосымша білім беру маманы Б. Құрманәлі	22.01.2026 жыл
5.	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына - 180 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара	Ұйымдастырушы педагог	16.01.2026 жыл
6.	«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	28.01.2026 жыл
7.	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	Байқау	ДТЖО А. Тулебаева АӘД пәнінің мұғалімі	29.01.2026 жыл

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

Апта дәйексөздері : «Келешек-білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)

«Жаңалық-жасампаз ойдан басталады»

«Жаңашылдыққақ ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уәлиханов)

«Бірлік пен жасампаздық- ел бағдары»

1.	Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.02.2026 жыл
----	---	--------------	-------------------	----------------

2.	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	қосымша білім беру маманы Б. Құрманәлі	13.02.2026 жыл
3.	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	09.20.2026 жыл
4.	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	Челлендж	Мектеп кітапханашысы	18.02.2026 жыл
5.	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.02.2026 жыл
6.	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут) /1-11 сыныптар/	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	23.01.2026 жыл
7.	Заңды білу міндет, сақтауым- парыз	Құқықтық тәрбие сағаты	Сынып жетекшілері	Ақпан айы

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

Апта дәйексөздері: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»

«Отан үшін отқа түс - күймесің»

«Тәуелсіз елдің тұғыры- бірлік, тірегі -елдік»

1.	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.03.2026 жыл
2.	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	09.03.2026 жыл
3.	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж	Ұйымдастырушы педагог	Наурыз айы

4.	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері	Наурыз айы
5.	Мектеп театры	Театр қойылымы	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	13.03.2026 жыл
6.	«Күй күмбірі» Наурыз мерекесі аясында күйлерорындау(тандаубойынша). «Шабыт»жобасы	Домбырашылар челленджі	Музыка жетекшісі Г.Кәрібай	Наурыз айы
7.	«Жер сағаты» экологиялық акциясы «Қамқор»жобасы	Акция	Тәлімгер Ж. Ерішова	Наурыз айы
8.	Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.03.2026 жыл
9.	Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына - 160 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара, сынып сағаты	Сынып жетекшілері	30.03.2026 жыл
10.	Көктемгі демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары	Жоспар	ДТЖОЖО А. Тулебаева	17.03.2026 жыл
11.	«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында III тоқсанның аяқталуына байланысты ата-аналар жиналысы /1-11 сыныптар/	Ата-аналар жиналысы	ДТЖОЖО А. Тулебаева	31.03.2026 жыл

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

Апта дәйексөздері : «Еңбек – қуаныш, жалқаулық- айырылмас азап»
«Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»
«Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»
«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»

1.	2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап-рухани қазына» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	06.04.2026 жыл
2.	Біз таңдаған кітаптар	Сынып сағаты	Мектеп кітапханашысы Сынып жетекшілері	Сәуір айы
3.	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Сынып жетекшілері	Сәуір айы
4.	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	13.04.2026 жыл
5.	Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына - 190 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара, Сынып сағаты	Ұйымдастырушы педагог Сынып жетекшілері	20.04.2026 жыл
6.	Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына - 120 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара, Сынып сағаты	Ұйымдастырушы педагог Сынып жетекшілері	27.04.2026 жыл
7.	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	қосымша білім беру маманы Б. Құрманәлі	17.04.2026 жыл
8.	«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі «Қамқор» жобасы	Челлендж	тәлімгер	23.04.2026 жыл

9.	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	Шеберлік сынып	Сынып жетекшілері / педагог-психологтер	Сәуір айы
10.	8-11 сыныптар Бір тартып көрудің зиянды салдары 5-10 сыныптар Қозғалыста бол!	Дебат	тарих пәні мұғалімі	Сәуір айы
11.	Оқушылардан бопсалау мен әлімжеттік және буллинг бойынша сауалнама алу	Профилактикалық акция Сауалнама алу	Мектеп психологы, полиция бөлімдері	Сәуір айы
12.	Жоғарғы сынып оқушылары және олардың ата-аналары арасында заманауи синтетикалық есірткілердің дәріханалық, нашакорлық проблемаларын және есірткі, психикалық белсенді заттардың заңсыз айналымының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша сала мамандарымен кездесу	Сала мамандарымен кездесу	ДТЖО А. Тулебаева Мектеп психологі Г.Әлсейітова	Сәуір айы
13.	8-11 сынып оқушылары Нашакор болмаудың 100 себебі 5-7 сынып оқушылары Кәмелетке толмағандарды есірткі ортасына тартудың құқықтық салдары Нашакорлық пен есірткі құқықбұзушылықтың алдын алу 1—11 сынып оқушылары Есірткісіз қоғам (спорттық шаралар), Салауатты өмір салтын насихаттау (флешмоб)	Дәріс сабағы Дебат/пікірталас Бейнесабак көрсетілімі	Мектеп мейіркеші дебат жетекшісі Б. Құрманәлі Ұйымдастырушы педагог	Сәуір айы
14.	«Мен темекіні тастаймын!», «Біз темекі шегуге қарсымыз!», «Жастар темекіге қарсы» аймақтық акциялар ұйымдастыру	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Ұйымдастырушы педагог Дене шынықтыру бірлестігі	Сәуір айы
15.	Медиация кабинеттерінің жұмысымен танысу	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Мектеп психологы Әлеуметтік педагог	Сәуір айы

16.	1-11 сынып оқушылар «Интернет қауіпсіздік» мектеп апталығы шеңберінде «Ақпараттық қауіпсіздік» ойынға тәуелділіктің теріс салдары туралы кәмелетке толмағандарға арналған ағарту шараларының кешенін іске асыру, профилактикалық шаралар ұйымдастыру 1-4 сынып оқушылары «Интернеттегі қауіпсіздік», «Қауіпсіз интернет» тарнымдық сағат 5-8 сынып оқушылары «Интернеттегі жеке қауіпсіздік» ақпараттық сағат 9-11 сынып оқушылары «Интернеттегі форумдар мен чаттар» сынып сағаты, «Желілік байланыс этикасы» медиақауіпсіздік сабағы	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТЖЖО А. Тулебаева Информатика пәні мұғалімі Ж. Бимырза Ұйымдастырушы педагог	Сәуір айы
17.	Қоғамдық мүлікті қорға! Ашық әңгіме	Профилактикалық іс-шара 1-11 сынып	ДТЖЖО А. Тулебаева Г. Әлсейітова психолог	Сәуір айы

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Апта дәйексөздері : «Ынтымақ, бірлік, келісім- ең асыл байлық ел үшін»

«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш-орман»

(Н)

0

«Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман» «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
1.	«Біз әртүрліміз, біз теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	04.05.2026 жыл
2.	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі «Шабыт» жобасы	Фестиваль	Музыка жетекшісі, АӨТД А.Аралбаев	05.05.2026 жыл
3.	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	11.05.2026 жыл
4.	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	18.05.2026 жыл
5.	Білімім – Отаныма! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	25.05.2026 жыл
6.	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Ұйымдастырушы педагог Сынып жетекшілері	Мамыр айы
7.	8-11 сыныптар «Есірткіні «жасырып кетуші» деген кім?» әңгіме түріндегі дәріс сабағы 5-7 сыныптар «Балалар есірткіге қарсы!» акциясы, «Есірткісіз жарқын болашақ» эссе байқауы 1-11 сыныптар «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» бейнероликтер көрсетілімі	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТЖОЖО А. Тулебаева Сынып жетекшілері	14.05.2026 жыл
8.	Медицина қызметкерлерімен 8-11 сынып оқушыларына «Электронды темекіден бас тарту себептері», «Вейп туралы мифтер мен шындық», «Вейпинг.Бұл не және бұл хобби не үшін қауіпті?», «Кальян мен вейп шегудің зияны», «Абайлаңыз-электронды темекі», т.б денсаулық сабақтарын өткізу.	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТЖОЖО А. Тулебаева Сынып жетекшілері Психолог Г.Әлсейітова Мектеп мейіркеші Г. Әли	Мамыр айы
9.	«Сәт сапар саған, Жас түлек!»	Салтанатты жиын	Мектеп әкімшілігі	25.05.2026 жыл

10.	Мектеп Жанындағы «Шаттық» күндізгі лагерін ұйымдастыру /1-5 сыныптар/	Жазғы демалыс	Мектеп әкімшілігі	Мамыр айы
-----	--	---------------	-------------------	-----------